

«Болашақ» бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК

«Ана – біздің гүліміз»



Өткізген: Шораханова Ж

Наурыз айы, 2026 жыл

Мақсаты: Адамзат баласын жарық дүниеге әкеліп, оны тәрбиелеп өсіретін Ана екенін түсіндіру. Анаға деген құрметін, балалық сезімдерін сөз арқылы жеткізе білуге үйрету. Сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

 **Көрініс: «Қыз ғұмыры»**

Жүргізуші:

Біз ғана емес, қадір тұтқан бабалар,
Аналардан туған не бір даналар.
Ана деген – тіршіліктің тірегі,
Армысыздар қасиетті аналар

 Қайырлы күн, құрметті әріптестер, сұлу қыздар, мейірімді аналар, ардақты біздің әжелер. Көктемнің шуақты мерекесі, 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні құтты болсын! Жадыраған нұрлы жүздеріңізден шуақ кетпесін. Бүгінгі «Ана – біздің гүліміз» атты мерекелік кешімізге, қош келдіңіздер! Мерекелік кешіміздің алғашқы құттықтау сөз кезегін, бәбекжайымыздың директоры Жаңбыр Күнсұлу Сұлтанқызына береміз!

Жүргізуші:

Мәз – мейрам бүгін бүлдіршін,
Естисің сыңғыр күлкісін.
Естисің тәтті сөздерін,
Байқайсың жанған көздерін

- деп, ортаға **«Көгершін»** тобының бүлдіршіндерін, **«Әдемі ана»** әнімен қарсы алыңыздар!

(Балалар аналарына қолдарындағы суреттерін береді)

Жүргізуші:

Ана өмірде асылың,
Ана өмірде жақының.
Ақтау керек әр перзент,
Ақ сүтімен ақылын

- деп, **«Гүлдер»** тобының бүлдіршіндерінің тақпақтарына кезек берейік.

Илияс: Әжемді жақсы көремін,

Өлең айтып беремін.

Үлкен болып өскенде,

Бәрін алып беремін.

Санжар: Көктем келді жеріме,

Бақ әкелсін еліме,

Күн күлімдеп көгімде,

Шуақ шашсын төгіле.

Алима: Анашым менің ардағым,

Сенсің менің бар бағым.

8 наурыз мерекен,

Құтты болсын, жан анам!

Айым: Аялаған анашым,

Мәпелеген анашым.

Менің саған тілегім,

Қартаймашы анашым!

Жүргізуші:

Көктем келді, гүл ашылды,

Жер анаға нұр шашылды.

Біздің кішкентай гүлдеріміз,

Сұлу аналарға би арнайды

- деп, «Балапан» тобының кішкентай бүлдіршіндерінің, «Гүлдер» биін тамашалаңыздар!

Жүргізуші: «Қимылды қайтала» аналар мен балаларына арналған ойын

Жүргізуші: «*Көгершін*» тобының бүлдіршіндерінің аналарға арналған тақпақтарына кезек береміз. Ортада,

Д. Абдурахман: Анашым менің аяулы,

Жүзіңіз жылы арайлы.

Күлімдесеңіз егер сіз,

Жүрекке жылу тарайды.

Нурикамал: Жарқын жүзді жан анам,

Сендей болсын бар адам.

Сендей болса бар адам,

Шаттық кетпес баладан.

И.Абдурахман: Көктем келді аналар,

Жердің беті жаңарар.

Ақ сүт беріп өсірген,

Аман болсын аналар.

Бегім: Ана барда өмір гүлі көктейді,

Ана деген алаңдаулы етпейді.

Жер бетінде қанша сұлу болса да,

Анашымның ақ жүзіне жетпейді.

Мұстафа: Әлпештеген анамыз,

Біз бақытты баламыз.

Оқып білім аламыз,

Жұлдыз болып жанамыз.

Ибраһим: Анашым анам,

Ризамын саған.

Тіліңді аламын,

Ақылды боламын.

Жүргізуші:

Мәпелейді, әлдилейді, бағады

Құлыным деп құшағына алады.

Өзгеге де, өзінің де жауапты,

Барлығына қалай уақыт табады

- деп, ортада «Көгершін» тобының тәрбиеленушісі Саламатқызы Нурикамал мен анасы Тұралина Ақнұрдың ән шашуын қабыл алыңыздар!

 **Тосын сый** (Ұлдардың қыз балаларға гүл сыйлау сәті)

Жүргізуші: Бүгінгі кешімізге бобекжай ұжымын, мерекемен құттықтап келген, 2020 жылғы түлегіміз *Ақтан Сандығалиұлын «Ана»* әнімен қарсы алыңыздар!

Жүргізуші:  **«Коңілді оркестр»**

Жүргізуші:

Жарты жанын бөліп берген балаға,

Ақ сүтімен әлдилеген бар ана.

Қиын күндер кешсе дағы басынан,

Міндеп етпей жүрген адам сол ғана

- деп, «Көгершін» тобының барша аналарын ортаға шақырамыз!

 **Би:** «Ана мен бала»

Жүргізуші: Келесі кезекті, бобекжай педагогтарының мерекелік құттықтауына береміз.

Ән: «Попурри»

 Қорытынды:

Ана деген — тіршіліктің тірегі,

Ана деген — әр баланың жүрегі.

Құрметті аналар сіздерге зор денсаулық, шексіз бақыт, отбасыларыңызға амандық тілейміз! Мерекемен тағы да, шын жүректен құттықтаймыз! Бүгінгі «Ана — біздің гүліміз» атты мерекелік кешіміз өз мәресіне жетті. Назарларыңызға рахмет!

